

А 2006


5726К

Малем балалар әдебиеті

Р.КИПЛИНГ

Мауғли

әңгімелер



11 2000/15/10





Әлем балалар әдебиеті







Әлем балалар әдебиеті

ББК 82.3 (3 Ақп) К 43

Р.КИПЛИНГ


Мауғли

*

Әңгімелер

Алматы

«Балауса» баспасы
2005



ББК 82.3 (3 Англ.)

К 42

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін өзірлеу
және шығару» бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Ақылдастар алқасы:

*Есетжан Қосубаев
Жанаханов Қайсар
Қадыр Мырза Әли – төраға
Әлібек Асқаров
Райхан Мәженқызы
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев*

Киплинг Р.

К 42 Маугли. Аударған Р.Рақымбеков, С.Ақтаев.
Құрастырған: О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспа-
сы, 2005. – 288 бет.

Бұл өлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдық-
тың бірі.

ISBN 9965-672-29-6

К $\frac{4804040400}{411(05)-05}$

ББК 82.3 (3 Англ.)

ISBN 9965-672-29-6

© «Балауса» баспасы, 2005
© Құрастырушы О. Асқар
© Дизайнері Ж.Болатаев

АЛҒЫСӨЗ

Түп тегін көк бөриден жаралған көне түріктерден тартатын қазақ жанына қасқырлар асырап, адам қылған сөбидің тағдыры айрықша жақын сияқты. Сондықтан да болар, әдебиет әлеміне бөрі бала туралы хикаяны ала кірген әйгілі ағылшын жазушысы Редьярд Киплингті қазақ оқырмандары өз топырағында туған төл қаламгеріндей жақын тартып, жақсы көреді, оның аңыз-әңгімелері мен ертегілерін қызыға да құныға оқиды.

Әлемдік сөз өнерінің, әсіресе балалар әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі Джозеф Редьярд Киплинг (1865–1930) суретшілер әулетінен шыққан. Оның әкесі Джон Лонвуд көзге ерте ілінген қылқалам шебері болған. Бір нағашы апасы кезінде Англиядағы әйдік бір суретшілер мектебінің негізін қалаған дарын иесі Эдуард Берн-Джонсонға тұрмысқа шықса, екінші нағашы апасы кейін Ұлттық галереяның директоры болған суретші, араға екі жыл салып Көркем Өнер академиясының Президенті сайланған Эдуард Пойнтердің зайыбы. Осындай ортада өскен Редьярд та өнерге деген алғашқы қадамын суреттен бастаған. Кейін ол бөбектерге арнап ертегілер шығарып, естияр балаларға арнап әңгімелер жазып, белгілі жазушы болғанда сол өнерін тастамай, шығармаларының мазмұнын ашатын суреттерді өзі салып отырған. Бір қызығы, оның суреттері оқырмандар алдынан басқа бір әлем ашып, бөлек бір дүниенің сырын шертеді. Оның да өзіндік бір себебі бар секілді.

Киплингтің аты ағылшын болғанымен, заты азиялық деуге әбден болатын сынайлы. Өйткені ол Үндістанда

туып, балалық бал-дәуренін, кейін қаламгерлік саналы өмірінің біразын сонда өткізді. Оның әкесі суретшілік аты шығысымен-ақ Үндістанға көшіп, әуелі Бомбейде суретшілер мектебін ұйымдастырып, кейін Ұлы Моғолдардың бұрынғы астанасы, ежелгі сәулет ескерткіштеріне аса бай Лахор қаласындағы атақты музейді ашты. Бомбейде өзі ұйымдастырған мектепте сәулет мүсінінен дәріс беріп жүрген кезде оның тұңғыш ұлы, болашақ үлкен жазушы Джозеф Редьярд дүниеге келді. Жазушының өзі ғұмырының ең қызықты шағы санайтын балалық кезін де сонда өткізді. Оқитын жасқа жеткенде ата-анасы оны Англияға аттандырды. Ағылшын орта мектебін ойдағыдай тәмамдап, ол туған жеріне қайтып ұзақ жылдар бойы табан аудармай үнді жерінде тұрды. Алғаш Лахорда шығатын «Азаматтық һәм әскери газетте» редактордың көмекшісі болды. Газетте істеген жылдары оның өмірді терең зерттеп, жазу өнерін шындай түсуіне, түрлі тақырыптарға қалам тартуына мүмкіндік туғызды.

Жас жазушы Үндістанның таңғажайып табиғатын жан-тәнімен жақсы көріп, үнділердің тұрмыс салты мен әдет-ғұрпын жете зерделеп, олардың мәдениеті мен әдебиетін, сенім-нанымдарын, әңгіме-аңыздарын, тілін терең зерттеді. Халық аңыздарын арқау ете отырып, «Джунгли кітабын» жазып, ең алғаш қасқыр асыраған үнді баласының таңқаларлық таңғажайып тағдырын әңгімелеп берді. Қаршадай кейіпкерінің есімімен «Маугли» атанған әңгімелер легінде бөрі бала туралы түрлі хикаялар шертілді.

... Күндерде бір күн жаздың жылы кешінде қасқырдың апанына қорықпай кіріп кеткенде, Маугли кішкентай ғана сәби еді. Қасқырдың арланы мен қаншығы, яғни Ата бөрімен Ана бөрі оған бірден іш тартып, аялап бауырына басты. Сөйтіп Маугли бөрікбас бөлтіріктерге қосылды да кетті. Олар бауырларындай болып, асыр салып бірге өсті. Зерек те тентек балақайдың бұл мекені – шырмауық шандып тұлын тұтқан түлей орман, ит тұмсығы батпас бамбук тоғай, басып қалсаң тереңіне тарта жөнелетін ми-батпақ, жабайы аңдар жыр-

тылып айрылатын кәдімгі қалың жыныс сыңсыған джунгли әлемі еді.

Ата бөрі, аю Балу, қабылан Багира, піл Хатхи – бәр-бәр Мауглиге қамқор болып, әрқайсысы оны өзінше баулыды. Ақылды аңдар баршаға жаққан бұл балақанға қатыгез Джунгли заңын үйретті, оған аңдар мен құстардың және жыландардың тілін ұқтырды.

Киплинг кітабының кейіпкерлері – аңдар, бірақ барлығы да адам тәрізді әрекет етіп, адам тәрізді ойлап, сөйлей біледі. Әлбетте, бұл ертегілерде болатын жәйт. Әйткенмен Киплинг әңгімелерінің ертегіден ерекшелігі – оларда аңдардың түр-түрпаты, мінез-құлқы, тіршілік-тынысы, қарекет-қимылы керемет дәл әрі анық суреттелетіндігі сондай – біз сол аңдар туралы сан талай соны сырға қанығып, әрқайсысын өмірдегі қалпынан еш айнытпай көреміз. Бөрі баланың көзімен қарасаң, көз алдыңнан ағаштардың ұшар басын мекендеген ұшқалақ, жаңғалақ маймылдар бұтақтан бұтаққа бүргедей қарғып барып, жапырлап қона қалады, ырғала басып, қорбандал ебетейсіз қоңыр аю жүреді; кара түгі көмірдей жылтырап, серіппедей созылып-жиырылып, анадайда қабылан шапқылап бара жатады, жон-арқасы алуан өрнекке ұқсап, алып айдаһар зіл батпан денесін мың бұралтып, не түрлі кейіпке түседі, керек жерінде қураған бұтақ немесе шіріген томар да бола қалады.

Қисапсыз көп қауіп-қатерді, сан-сапалақ шытырман оқиғаларды бастан кеше жүріп кешегі кішкентай әлжуаз сәби енді күш-қайраты тасыған, жаны жайсаң қайыспас қайсар жігіт болып шығады. Ақылы мен айла-амалы, тапқырлығы арқасында джунглиді дүрліктірген қанқұйлы жолбарыс Шер-Ханды жеңіп тынады, содан соң бөрілер әулетіне ауыз салған жабайы иттерді тым-тырақай қуып, тағы бір ерлік көрсетеді. Аңдар сосын оған өз еркімен бас иіп, Мауглиді джунглидің патшасы деп мойындайды. Міне, осының бөрі бастан-аяқ ойдан шығарылған қызық ертегі болғанымен, астарында үлкен шындық жатыр. Алғыр ақыл-ойдың, қажымас күш-жігердің иесі адамзат қана, өзі тіршілік ете бастаған сонау елең-алаң дәуірде Қызыл Гүл – кәдімгі отты қолға түсірген адам-

зат қана хайуанаттар патшалығынан құдіреті асып, табиғатты бағындыра алады. Осынау хикаяны оқығанда Мауглиді жақсы көріп қана қоймай, оны мақтан етіп те отыратын тәріздісің.

Д.Р.Киплингтің шығармалары ХІХ ғасырдың тоқсаныншы жылдары-ақ орысшаға аударылып, орыс тілді оқырмандарға таныла бастады. Оның орысша шыққан алғашқы екі кітабына атақты жазушы Иван Бунин редакторлық етті. Максим Горький Киплингті аса дарынды жазушы деп бағалап, А.И.Куприн оны осы заманғы әдебиетте ешкімге ұқсамайтын, көркемдік қуаты ұшан-теңіз қаламгер деп білді. Оны орыс тілінде сөйлетуге балалар әдебиетінің аса ірі қайраткерлері К.И.Чуковский мен С.Я.Маршак атсалысты.

Киплингтің бөрі бала турала тамаша туындысы өткен ғасырдың сексенінші жылдары Рәшит Рақымбековтың аударуымен қазақ оқырмандарына да жетті. Бөрі бала хикаясы жастарды батылдыққа баулайтын бағалы шығарма екені шексіз.

Сарбас АҚТАЕВ.



Р.КИПЛИНГ


Мауған

Аударған
Р. Рақымбеков

© «Художественная литература, 1960

© Қазақша «Қазмемкөркемәдебас», 1966

© Қазақша «Жалын» баспасы, 1983



МАУГЛИДІҢ БАУЫРЛАРЫ

Ата Бөрі күндізгі ұйқыдан оянған соң, есінеп-қасынып, ұйып қалған аяқтарын алма-кезек керіп-созып жатқан кезде, Сионий тауларында қапырық буған кара інір еді. Ана Бөрі күпсиген көкшулан тұмсығын бауырында аунақшып қыңсылаған төрт бөлтірігінің үстіне салып, қыбырсыз мүлгіп жатқан. Бұлар паналаған үңгір аузынан айдың көмескі сәулесі сығалайды.

— Уһ! — деді Ата Бөрі. — Тағы да торуылға шығар мезгіл болыпты.

Ол ылдига қарай енді жортып жөнелгелі тұрғанда, аяқ астынан сабалақ құйрық бір сүмелек көлеңке түсіп, табалдырыққа жата кетті де, зарлап қоя берді:

— Жортқанда жолың болсын, о Бөрілердің бас иесі. Текті ұрпағың талайлы өссін, ақ азу арлан шықсын. Мына жалғанда аш мұңлықтар да барын еш ұмытпасың! Бұл қорқау қасқыр, Жарамсақ Табаки еді. Үндістан бөрілері одан өлердей жиренеді, жер-көкті лаңдап, өсек тасып, пәле бастап жүретін жымысқы, тіміскі қылығын, қыстақ-қыстақтың күл-қоқысын түрткілеп, ескі-құсқы тері-терсекті қорек қылған қор тірлігін жек көреді. Сөйте тұра олар Табакиден қорқады, өйткені джунгли аңдары ішінде ең жиі құтырып ауыратыны осы, ондайда тілі са-лақтап, бет алды шапқылай береді, көзіне көрінгенді қауып түсіп, тістеп, шайнап, жан түршіктіре қыңсылай береді. Құртақандай Табаки құтырған кезде жолбарыс-тың өзі де жылыстап безіп, іннен-інге тығылады. Неге десен, жабайы аңдар үшін құтырынудан асқан алапат жоқ. Біз оны судан шошыну дейміз ғой, аңдар болса

«диуани» – құтырыну деп атайды да, одан тек қашып жан сауғалайды.

– Жә, ендеше, ішке кіріп өзін қарап шық, – деді Ата Бөрі селқос қана. – Бірақ талғажау қылар түк те жоқ.

– Жоқ болса, бөріге жоқ шығар, – деді Табаки, – ал тап мендей мүсәпірге қу сүйек тисе де, ұлы-жіңгір той емес пе? Біздей қорқаулардың ас талғаған не теңі.

Үңгірдің түкпір-түкпірін тінткілеп жүріп шала мүжілген бұғы жілігін тауып алды да, соған мез болып шоқиып отыра қалып, әлгі сүйекті күтірлете кеміруге кірісті.

– Сый-құрметіңе рахмет, – деді ол қалған-құтқанын жалап-жұқтап болып. – Мынау текті ұрпақтың көркін-ай! Көздері қандай от шашқан! Тіпті туғаны кеше емес пе еді. Рас-ау, рас, патша ұрпағының күн санап емес, сағат санап ер жетерін мен білсем керек еді-ау.

Ал баланы көзге мақтаудан асқан сұмдық жоқтығын Табаки ешкімнен кем білмейтін еді, Ана мен Ата Бөрілердің абыржып қалған түрін көріп, одан сайын масайрап кетті.

Екеуінің басына қырсық үйіріп қойғанына қуанып, Табаки біраз үнсіз отырып қалды да, сес көрсетіп:

– Шер-Хан ше, Дәу Жолбарыс, торуылдар орнын ауыстырыпты. Ол енді ай бойы осы таудың ішін тінткілейді. Мұны өз аузынан естідім, – деп бір қойды.

Шер-Хан – үңгірден жиырма миль жерде Вайнганга өзенінің жағасын мекендеген жолбарыс болатын.

– Қақысы жоқ! – деп ызалы үн қатты Ата Бөрі. – Джунгли Заңы бойынша ол торуылдар жерін ескертіп алмай еш ауыстыра алмайды. Айнала он миль жердің аң-құсын үркітіп жіберетін болды, мен болсам... мен енді торуылға жалғыз шығып жүрмін.

– Анасы оны Лангри (Ақсақ) деп бекер атамаған ғой, – деді Ана Бөрі сабырлы түрде. – Ол әуелден бір аяғынан кемтар болып туған. Тұз аңына жоламай, ұй малын аңдитаыны да содан. Вайнганга бойын мекендеген елге ызасы өткен. Ал енді ол мұнда келген екен, бізге де тықыр таянды дей бер. Әлі-ақ адамдар оның ізін кесіп, орманды шырқ айналып, түтін салып, өрт қояр. Сонда

біз де, біздің балаларымыз да тоз-тоз болып, қайда барып, қайдан шыққанымызды білмеспіз. Иә, Шер-Ханға алғыс айтар жөніміз бар екен.

– Алғыстарыңды айта барайын ба? – деп сұрады Табаки.

– Жоғал бұл арадан! – деп арс етті оған Ата Бөрі. – Батыр қаранды! Бар да, мырзана қосылып саят құр. Бүгінгі лаңың бастан асты.

– Мен кетермін-ау, – деді Табаки жайбарақат. – Өздерің де көп ұзамай төмендегі тоғай ішінен Шер-Ханның үнін естіп қаларсыңдар. Бұл хабарды сендерге айтам деп, бекер-ақ арам тер болған екенмін.

Ата Бөрі құлағын тіге қойды: етектен, кішірек өзенге барып тірелетін алқаптан күркіреп жолбарыстың қыңсылаған, ызалы, жалынышты даусы үздік-үздік естілді. Әлі аузын қандай алмай қаңғырған, онысы күллі джунглиге мәлім болып қалса да, зәредей де арлана, қорлана қоймаған жолбарыстың даусы.

– Топас! – деді Ата Бөрі. – Түн тірлігін мынадай данғазамен бастап! Шынымен-ақ, бұл біздің бұғыларымызды... Вайнганга бойының май басқан буйволдары қалды ма екен?

– Ш-ш! Ол қазір буйвол да, бұғы да аулап жүрген жоқ, – деді Ана Бөрі. – Ол адам аулап жүр.

Жолбарыстың күркіреген даусы енді тұс-тұстан бірден лап қойғандай айналаны жанғырыққан ащы бір үнге кернеп кетіп еді. Бұл – ашық аспан астында түнейтін ағаш кесушілер мен сығандардың зәре-құтын алып, кейде тіпті оларды тіке жолбарыстың шеңгеліне қарай безектетіп өкетер үрейлі дауыс еді.

– Рас, адам аулап жүр! – деді Ата Бөрі, аппақ тістерін ақситып. – Қара судың бақа-шаяны жетпеді ме, адам етін жеп не басына күн туды, басқа емес, тап біздің жерімізде?

Әр өмірі қашан да бір негізге сүйенетін Джунгли Заңы адам аулауға жылына жалғыз-ақ мәрте рұқсат етеді, ол – аңдардың өз балаларын жортуыл-торуылға баулыр кезі. Бірақ сондай кезде де қандай аң болсын өз үйірі немесе әулеті жортуылдап жүрген жерлерде

кісі өлтірмеуі шарт. Өлтіре қалса, әйтеуір ерте ме, кеш пе, піл мінген, мылтық асынған ақ адамдар, дабыл, ракета, алау ұстаған қара қошқыл адамдар қаптап шығады. Онда күллі джунгли аңының күні қаран. Ал аңдар айтады: «Барлық жан-жануарлардың ішіндегі ең әлсізі, қорғансызы – адам, оған тиісу көргенсіздік», – дейді, және олар айтады, әрі мұнысы шындық та: «Адам етін жеген аңның түгі жидіп, тісі түсіп қалады», – дейді.

Үрейлі үн жиілей естілді де, атылуға шақ тұрған жолбарыстың ышқына ақырып қалған даусына ұласып барып тынды.

Одан соң жолбарыс үніне ұқсамайтындай бір ұлыған үн шықты, ұлып қоя берген Шер-Хан еді.

– Мүлт кетті білем, – деді Ана Бөрі. – Не болды екен?

Ата Бөрі үңгірден бірер қадам алыстап барып, тын тындап еді, бұта арасында аунақшып жатқан Шер-Ханның ызалы ырылын естіді.

– Ана ақымақ аяғын күйдіріп алыпты. Отыншының жаққан алауына атылған ғой, ақылы соған жеткен! – деп мырс етті Ата Бөрі. – Табакиі де қасында.

– Біреу бері өрмелеп келеді, – деді Ана Бөрі бір құлағын қайшылап. – Қапы қалма.

Тоғайдың бұта-бұтасы болымсыз сыбдырлағанда, Ата Бөрі артқы екі аяғын бүге, енді атылуға әзір тұрған. Міне нақ сол мезетті көзбен көрсеңдер ғой, дүниеде Одан асқан қызық болмас дер едіңдер – қасқыр оқша атылып барып орта жолда кілт тұрып қалды. Ол әуелгіде кімге атылғанын білген де жоқ қой, артынша-ақ кілт тұрып қалды. Ең қызығы, қасқыр жоғары қарай төрт-бес фут ырғып кетіп, көзді ашып-жұмғанша тұптура алғашқы атылған жеріне қайта топ ете түсті.

– Адам! – деп сілейіп қалды ол. – Адамның баласы ғой! Қарай гөр!

Тап қарсы алдында бұтақтан мықтап ұстап алған, тыр жалаңаш бір қара бала тұр. Аяғын апыл-тапыл басқан, жұп-жұмыр, моп-момақан, құртақандай ғана тірі жан. Мұндай құртақандай бала бұрын-соңды түн

мезгілінде қасқыр үңгіріне кіріп көрген емес. Бала Ата Бөрінің көзіне қарап тұрып жымыып күліп қойды.

– Адамның баласы дегенің осы ма? – деп сұрады Ана Бөрі. – Мен бұларды өмірі көрмеп едім, бері алып келші!

Бөлтіріктерін желкеден тістеп алып таситын қасқыр, жұмыртқаны да тісінің арасына салып сызат түсірмей алып жүре береді емес пе. Ата Бөрінің тісі баланың арқа етін қыса бүргенімен, оны бөлтіріктерінің арасына апарып қоя салғанда, терісінде тіпті дақ та қалмады.

– Қандай кішкентай еді. Тыр жалаңаш, ал қайсарын қарашы! – деп еміренді Ана Бөрі. (Бала бөлтіріктерді ысыра, қасқырдың ып-ыстық бауырына кіре берді.)

– Ой, мынау да бөлтіріктерге қосыла сорып жатыр. Адамның баласы да осындай сүйкімді болады екен-ау! Бөлтіріктерімнің ішінде адамның да баласы бар деп қай ана-қасқыр мақтана алды екен!

– Менің бір естуім бар, мұндай кеп ертеректе де болған көрінеді, бірақ біздің үйірде емес, әрі менің заманымда да емес, – деді Ата Бөрі. – Өзі мүлдем лыпасыз екен, бір тартқанымнан-ақ тірі қалмас еді. Көрдің бе, бері қарап жатыр, тіпті қорқар емес.

Үңгір аузынан түскен ай сәулесі сөне қалғандай болды: Шер-Ханның кеспек басы мен қос иіні кіре берісті көлегейлеп тастады. Соңында Табаки зар қақсап тұр:

– Мырза, мырза, ол осында кірді.

– Шер-Хан бізге хош келіпті, – деді Ата Бөрі, тек көздері кектене жарқ етті. – Шер-Ханға не қажет?

– Менің олжам! Адамның баласы осында кірді, – деді Шер-Хан, – әкесі мен шешесі қашып құтылды. Баланы шығарындар.

Ата Бөрі айтқанындай, Шер-Хан отыншы жаққан алауға қарғып, алдыңғы екі аяғын күйдіріп алған, содан ызалы еді. Бірақ Ата Бөрі үңгірдің аузы жолбарысқа тым тар соғарын білді. Кептеліп қалғалы тұр. Кеспек ішінде төбелес ашпақ болған адамның кебін кешердей.

– Қасқырлар – еркін халық, – деді Ата Бөрі. – Олар көрінген адам жегішке емес, тек үйір көсеміне ғана ба-

ғынады. Адамның баласы менікі, қаласақ, өзіміз де өлтіре аламыз.

– «Қаласақ, қаласақ!» Менде не ақыларың бар? Өзім жайғаған буйволды атап ант етейін, иттің үйшігіндей апанға тұмсығымды тығып қанша тұрмақпын. Әкел тиесілі олжамды! Мұны айтып тұрған мен, Шер-Хан!

Жолбарыстың ақырғаны үнгір ішін күн күркірегендей тітірентті. Ана Бөрі бауырындағы бөлтіріктерін лақтырып тастап, қарғып алға шықты, қаранғыда екі жасыл айға ұқсаған екі көзі Шер-Ханның от шашқан көздерімен арбаса кетті.

– Ендеше естіріңді мына менен, Ракшадан (Пері) есті: адамның баласы менікі, Лангри, менің бауырымда қалады да! Оны ешкім өлтірмейді! Ол үйірмен бірге тұрып, бірге жатар, үйірмен бірге жортуылға да шығар! Жалаңаш бала аулаған, балық жеп, бақа құсқан жауыз, сақтан, әлі-ақ бұл сенін түбіңе жетер! Ал енді, батыр қараңды, әйтпесе, өзім жайғаған бұғыны атап (мен өлкеме жемеймін) ант етейін, о дүниеге төрт аяғыңнан түгел ақсап аттанарсың, джунглидің күйінді құбыжығы! Жалтырат табаныңды!

Ата Бөрі оған антарыла қарап қалыпты. Ана Бөріні бес көкжалмен қанды шайқаста жеңіп алған кездерін, оның бекер «Пері» атанбай өз үйірімен жортуылдап жүретін кездерін ұмытып та үлгірген екен. Шер-Хан Ата Бөріден қаймықпас та еді, бірақ Ана Бөрімен айқасуға дәті шыдамады: ол Ана Бөрінің өліспей беріспесін білді. Ырылдап-сырылдап шегіншектей берді де, еркіндікке шығып алған соң, қайта күркіреді:

– Өз қорасында өлмеші қаншық та бір шабаланып қалады. Көрерміз, адам қауымынан шыққан асыранды жөнінде Үйірдің әлі не дерін де көрерміз! Олжа менікі, ерте ме, кеш пе, әйтеуір жемей тынбасын, о, ұзынқұйрық ұрылар!

Ана Бөрі ауыр тыныстап, бөлтіріктерінің қасына жата кетті, Ата Бөрі оған қатулы үнмен:

– Бұл жолы Шер-Хан шындықты айтты: баланы үйірге көрсетпей болмайды. Сен мұны қалай да бауырыңда қалдырмақсың ба, Анасы, – деді.

– Бауырымда қалдырсам ше? – деді Ана Бөрі бүйірін өзер қозғап. – Бұл бізге жалаңаш күйінде жеті түнде жапа-жалғыз келді, сонда да қорықпады. Қарашы, өзі тіпті бір бөлтірігімізді әрі итеріп те тастапты! Өлгі қасапшы ендігі мұны өлтіріп, өзінің Вайнгангасына зытып отырар еді де, адамдар келіп біздің үнгірлерімізді талқандар еді. Қалдырсам қайтеді? Иә, мен мұны ешкімге бермеймін. Тыныш жат, бақашық! О, Маугли – өйткені Бақашық Маугли деп атаймын мен сені, – әлі-ақ Шер-Хан сені қалай індетсе, сен де оны солай індетер кез келеді.

– Өйтсе де Үйір не айтар екен? – деп қоймады Ата Бөрі. – Джунгли Заңында семья құрған әр қасқырдың өз үйірінен бөлек шығуына қақысы бар деп анық айтылған. Бірақ бөлтіріктері жетіліп өскен соң, оларды Үйір Кеңесіне ертіп әкеліп, барлық өзге қасқырларға көрсетуі шарт, әдетте Үйір Кеңесіне айында бір мәрте – ай толған түндері жиналады. Бұдан кейін бөлтіріктердің басы бос, қайда барып, қайда жүрсе де еркі. Алғашқы бұғысын алып ауызданбаған жас қасқырды өлтірген бөріге кешірім болмайды. Өлтіруші қолға түссе-ақ оның жазасы тек өлім болмақ. Бір сәт ойланып бақсаң, солай болуы да тиіс екендігіне өзіннің де көзің жетеді.

Ата Бөрі бөлтіріктері жетіліп, аяқтануын күтіп, жүрді де, Үйір бас қосатын түндердің бірінде барлық бөлтіріктерін, Маугли мен Ана Бөріні ертіп, кеңес Жартасына тартты. Бұл өзі үлкен қойтастар қоршаған жотаның төбесі болса, айналасы жүз сан қасқыр жасырына алатындай жықпылды-жыралы жер еді. Күші, айласы асқандықтан Үйір Көсемі сайланған алып сұр қасқыр – жалғызілік көкжал Акела жартас басында көсіле керіліп жатты. Жартас түбінде жасы, түсі-түгі әрқалай қырық шакты қасқыр отыр еді. Бір өзі бір буйволды қылғып салып жүріп кететін борсықша семірген көкшулан жырындылар да, олардан артпасақ, кем түспеспіз деп қиялдайтын үш жасар қарақұлақтар да осында. Жалғызілік қасқыр бұлардың көсемі болғалы жылға жақындаған. Жасында, екі рет қақпанға түсіпті, бірінде адамдар оны сілейте сабаған да, өлдіге санап

тастап кеткен, міне содан да оған адамдардың амал-айла, қулық-сұмдығы ежелден мәлім-ді. Кеңес Жартасында тіл қатысып отырған ешкім байқалмайды. Бөлтіріктер алаңқайдың ортасында асыр салып ойнап жүр де, оларды айнала қоршап әкелер мен шешелер отыр. Оқта-текте ересектердің бірі орнынан асықпай тұрып, бөлтіріктердің біреуіне келіп, оған әрлі-берлі үңіліп қарап алады да, жым-жырт басып орнына қайтып оралады. Кейде шешесі өз бөлтірігін ай жарығына қарай тықсырып қояды, көзге түспей қалар деп қорқады. Акела жартас басынан жар салды:

– Заң сіздерге мәлім, заң сіздерге мәлім! Қарандар, көріндер, уа, бөрілер!

Қамқор аналар оны қостап шулай жөнелді:

– Қарандар. Қапысыз көріндер, уа, бөрілер! Ақырында, өздерінің кезегі келгенде, Ана Бөрінің түгі үрпиіп кетті, Ата Бөрі ортаға Бақашық Мауглиді итеріп қалды. Маугли жерге отыра кетіп, алаңсыз бір күліп қойды да, ай жарығына шағылысып жарқыл қаққан тастармен ойнауға кірісті.

Акела алдыңғы екі аяғының үстінде жатқан үлкен басын бірде-бір рет көтермеді, тек оқта-текте әлгі айтқанын тағы да қайталап қояды.

– Көріндер, уа, бөрілер!

Жартастың арғы жағынан күркіреген ащы үн шықты. – Шер-Ханның даусы:

– Олжа менікі! Баланы маған беріңдер! Еркін халық адам баласын қайтеді?

Бірақ Акела қыбыр ете қоймады. Бар айтқаны:

– Қарандар, уа, бөрілер! Еркін халық жатты тыңдап қайтеді? Қапысыз қарандар!

Қасқырлар оған қосыла шулағанда, Акелаға жауап қату орнына, төрт жасар дүлей көкжалдардың бірі Шер-Ханның сұрағын қайталады:

– Еркін халық адам баласын қайтеді?

Ал Джунгли Заңына бақсаң, жас бөріні Үйірге қабылдауға келгенде дау туа қалса, оны жақтап екі бөрі сөйлеуі шарт. Ол екеу тек бөлтіріктің әкесі мен анасы болмасын.

– Қане, бұл баланы кімдер жақтап шығады? – деп сұрады Акела. – Еркін Халықтан кім бар сөйлейтін?

Жауап бола қоймады. Ана Бөрі шайқасуға бекініп қалып еді, іс насырға шапса, бұл өзі үшін ең ақтық ұрыс боларын да сезді.

Сол мезетте өзге тұқымнан Үйір Кеңесіне қатысуға қақысы бар жалғыз аң – керенау қоңыр аю Балү ыңыра-на сөйлеп, артқы екі аяғын тіктеп түрегеле берді. Бөлтіріктерді Джунгли Заңдарына баулитын Балү қарт қалаған жерінде жүре беруші еді, өйткені ол тек жаңғақ, бал мен түбір жеп қана күнелтетін.

– Адамның баласы, ә? Е, мейлі ғой, – деді ол, – мен бала жағындамын. Оның ешкімге зияны тимейді. Мен өзім сөзге шебер емеспін, өйткенмен ақиқатын айтамын, Үйірімен бірге жорта берсін. Кәнеки, баланы басқалармен қоса қабылдайық. Мен оны өзім баулитын боламын.

– Бізге тағы біреудің сөйлегені керек, – деді Акела. – Балү өзі айтарын айтты, ол біздің бөлтіріктеріміздің ұстазы ғой. Балүдан басқа кім сөйлейді?

Алаңқайдың ортасына қап-қара бір көлеңке төселе кетті. Бұл қара қабылан Багира еді. Бір қарағанда қара сиядай шымқай қара, өйтсе де өзге қабыландардың түгі тәрізді жарықта шілтердің көзіндей ғана болып көрінер жылтырақ дақтары бар. Джунглиде Багираны бөрі де біледі, оның жолына көлденең тұра алар ешкім жоқ, өйткені ол Табакидей жылпос, жабайы буйволдай жойқын, жаралы пілдей сойқан. Оның есесіне үні ағаш діңінен тамшылаған жабайы балдай тәтті де, терісі мамықтан да жұмсақ еді.

– Уа, Акела, сен де, Еркін Халық, – деп кербез ғана керіліп қойды ол, – сендердің жиынында менің ешқандай қақым жоқ, алайда Джунгли Заңына жүгінсек, жаңа бір балақан жөнінде дау туған күнде, ол балақанның өмірін құн төлеп сақтап қалуға болады демей ме? Ал Заңда ондай құнды кімнің төлеуі лазым, кімнің төлемеуі лазым – ол жағы ашып айтылмаған. Солай емес пе?

– Солай! Солай! – деп шу ете қалды қашан да аштан бұралып жүретін жас бөрілер. – Багираны тындаңдар! Бала үшін құн алған жөн. Заң солай.

– Менің бұл жерде сөйлеуге қақым жоқ, ендеше алдымен рұқсат беріңдер.

– Сөйлей бер, сөйле! – деп, жиырма шақты дауыс қатар жамырай шықты.

– Жаланап баланы өлтіру – арсыздық. Әрі бұл ертен өсе келгенде өздеріне серік болады. Балу оны жақтап сөйледі. Ал мен Балудың сөзіне бір семіз буйвол қосақтаймын. Жана ғана өлтірген ол буйволым осыдан жарты миль жерде жатыр. Онда да мынау адам баласын үйірлеріне алар болсаңдар. Қане, не айтасындар?

Бөрілер шулай жөнелді, он шақты дауыс қатарласа санқ-санқ етті:

– Сол да сөз бе екен! Әлі-ақ ол қысқы жаңбырда қатып өледі. Аптапта күнге қақталып қалады. Жаланап бақашық бізге не қыла қоймақ? Үйірмен жорта берсін. Ал буйволың қайда, Багира? Қанекей, қабылдайық баланы!

Маугли болса қаннен-қаперсіз тастарымен ойнап отыра берді. Қасқырлардың бірінен соң бірі қасына келіп, өзін бір айналып өтіп жатқанын білген де жоқ. Ақырында барлығы өлген буйволды іздеп қыр асып жөнелді де, жартас басында тек Акела, Багира, Балу және Бақашық Мауглидің семьясы ғана қалды. Шер-Хан қараңғы шатқал ішінде әлі күркіреп жүр. – Мауглиді бермегендеріне ол қатты кектеніп кетті.

– Иә, иә, күркірей түс! – деді Багира күбірлеп. – Әлі-ақ мына жаланап бала сені басқаша күркіретер, нақ осы айтқаным келмесе, менің адамзат сырын білем дегенім күр бекер болар.

– Біз қате жасаған жоқпыз, – деді Акела. – Адамдар да, адамның балалары да аса ақылды келеді. Бұл бала бір замандары бізге медеу болады.

– Иә, қиын-қыстау кездерде серігің, өйткені Үйір Көсемі боп кім мәңгі-бақи қалар дейсің, – дейді Багира.

Акела еш жауап қатқан жоқ. Ол Үйір Көсемінің әрқайсысының басына келер, күш-қуаты мысқалдап кеміп, масылға айналған шағында келер ұлы қасірет хақында ойлап кетті. Әл-дәрменнен айрылған күні